

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай – бақшасының»
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

Апталық: «Қиялым сенсің - қылқалам»



Тәрбиеші: Сатыбалдиева Б
Берикбосынова Н

Білім беру саласы: Шығармашылық

ҰІӨ: Сурет, музыка.

Апталық «Қиялым сенсің - қылқалам» суретшілер сайысы

Уақыты 30.10-10.11.2023 аралығы

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін ашу. Бала қиялын дамыту. Қоршаған орта туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Сурет салу техникасының түрлерімен таныстыру. Бала қиялына ерік беру. Түстер әлемімен таныстыру. Бала шеберлігін бақылау. Баланың ой-өрісін кеңейту, өздерінің көркем қабілеттерін, дағдыларын, қиялын және даралығын көрсету мүмкіндігі;

Шарты: Жұмыстар кенепте, қағазда немесе картонда кез келген техникада (акварель, гуашь, пастель, май, тушь және басқа материалдар) орындалады. Жаңашыл әдістермен жұмыс жасау құпталады. Жұмыстың ең төменгі көлемі: 30x40 см, бірақ 55x65 см артық емес. Барлық жұмыстарға автордың аты-жөні жазылған көлемі 12 см x 4,5 см этикеткасы болуы тиіс.

Барысы:

Қолға қалам аламыз

Әуеде сурет саламыз

Ән айтамыз, би билеп,

Күн сәуле сән саламыз.

Армысыздар, құрметті ұстаздар, суретші балалар «Қиялым сенсің қылқалам!» атты апталығымызға қош келдіңіздер! Балабақшамызға әр түрлі тақырыпта, әр топтан бірнеше суреттер келді. Балалар шын мәнінде ой ұшқырлығымен салынған өте әдемі суреттер салған, солай емеспе, балалар. Ендеше, алдарыңызда «Алтын сақа» тобының бүлдіршіндерінің орындауында «Алтын күз» әнімен қарсы аламыз.

Қарашы күз келді,

Жапырақ жауыпты іздерді

Құс біткен керуен тізеді,

Қара бұлт қабағын түйеді.

Қанекей ендігі кезекті жан-жағымыда тұрған әдемі күз суреттерімізді салған балаларымызды марапаттауға шауырамыз. Балаларымызды марапаттауға «Күншуақ жекеменшік бөбекжай-бақшасының» басшысы

Алмагүл Ерболатқызын шақырамыз.

(Балалар марапатталады)

Рахмет балалар.

Кел балалар тұрмандар,

Бізде қызық думан бар.

Балалардың алуан,

Ертегі суретін ұрандар.

Алдымыздағы «Менің кейіпкерім» тақырыбындағы салған суреттерді марапаттауға шақырамыз.

Рахмет балалар. Суреттерінің өте әдемі, нағыз қияли суретші екенсіңдер.

Балалар сендерге жұмбақ жасырғым келіп отыр, кәне тауып көрейікші.

1. Аяғы бар жүрмейді,

Аузы бар күймейді.

Айнымайды бөпемнен,

Тек сөйлеуді білмейді.

(куыршақ)

2. Шіркіннің өзі обал-ақ,

Жүреді аяқта домалап.

(доп)

Бәрекелді, балалар дұрыс таптыңдар. Куыршақ, доп барлығы біздің сүйікті ойыншығымыз. Солай емеспе балалар. Ендеше менің сүйікті ойыншығым тақырыбында сурет салған балаларды марапаттайық.

Табиғатым тіршілігім тынысым

Онсыз менің тарылады тынысым

Биік-биік тауларыңа қарасам

Алшақ басып,стүзеледі жүрісім

«Толағай» тобының әдемі қыздарын «Жаңбыр» биімен қарсы алайық.

«Жарайсыңдар рахмет. Табиғаттың ең әдемі көрінісін суретпен жеткізген Туған өлкем, қандай көркем!» тақырыбында суретші балаларды марапаттауға шақырамыз,

Отбасы сыйласты қ.

Достықттың мәні қыймастыұ.

«Алтын сақа» тобының бүлдіршіндері Жолымберді Бекбайдың «Әже» әнімен қарсы алаыңыздар.

Рахмет Бекбай, өркенің өрге жүзсін, Ендеше ортаға «Менің отбасым», «Менің досым» тақырыбында суреттерді марапаттайық.

Ұлан байтақ жері бар Пайдалы қазба кені бар,

Тәуелсіздік ел- Қазақстан

Көркіне көркі жарасқан.

Ал ендеше «Бейбітшілік келбеті», «Қазақстан Республика рәміздері», «Маңғыстау маңғаз өлкем» тақырыбы бойынша сурет салған балаларды ортаға шақырайық.

Жұмбақ

Адамның жүзін

Басы мен кқзін,

Айнытпай келбетін

Салатын кім суретін

(суретші)

Бал татыған

Ол бар жерде әзір.

(аспаз)

Жарайсыңдар, балалар «Мен сүйетін мамандық», тақырыбында марапаттаймыз.

«Балабақша» әні орындайтын «Ер Төстік» тобының бүлдіршіндерін ортаға шақырайық.

Сурет салу әр баоалның арманы,

Әр суреттің астарында мәні бар,

Қте ғажап мықтылардың салғаны.

Қиялымен келіп жатыр қалғаны.

«Еркін тақырыпта», «Спорт балалар көзімен» тақырыбындағы суретшілерді шақырайық.

Көп-көп рахмет балалар. «Қиялым сенсің қылқалам! Апталығымызды аяқтаймыз.





Сурет салу байқауында кіші топ «Алпамыс» тобының бүлдіршіндері.

1. Әбдібекқызы Сая «Алтын күз»
2. Ғалымжанқызы Сафия «Алтын күз»
3. Өсербай Ақберен «Алтын күз»
4. Табылған Дария «Алтын күз»
5. Саматұлы Сұңғат «Алтын күз»
6. Айболат Аят «Алтын күз»
7. Дінмұханбет Аяла «Алтын күз»
8. Құлыбек Барақ «Менің отбасым»
9. Лыйас Нұржан «Бейбітшілік келбеті»
10. Адайбекқызы Сәлсәбіл «Менің сүйікті ойыншығым»
11. Нәрік Мәдина «Менің сүйікті ойыншығым»
12. Лыйас Дархан «Туған өлкем, қандай көркем»
13. Құдайберген Асылым «Менің кейіпкерім» тақырыбында сурет салып, тақырып мазмұнына сай келіп, қанық бояулармен ерекшеленген бүлдіршіндер арнайы дипломмен марапатталды.